



Автор: Тулкибаева Гульбарам Хабибуллаевна
Пән: Музыка
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Адами құндылықтар
Тақырып: Үлкенге құрмет

Оқу мақсаты	4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; 4.1.2.2 – түрлі сипаттағы әндерді айтуда жеңіл, созып орындау дағдыларын көрсету; 4.1.3.3 – ауызша және жазбаша жұмыстарда негізгі музыкалық ұғымдарды қолдану;
-------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Өткен сабақтағы басты құндылық не болды? Отан, әрбір адам үшін Отаны қымбат. Осындай адамға ғана тән махаббат, сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдер құндылық деп аталады. Құндылық – бұл ұғым, яғни қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, қымбаттығы. Басты құндылықтар: Отан, отбасы, ана тілі, рәміздер». Топқа бөлу I топ «Үлкенге құрмет», II топ «кішіге ізет» 1-тапсырма. Ойтолғау. Талдау. (М, Ұ)</p> <p>Оқушылар «Ата-әже» әніне (өлеңін жазған: И. Иса, әнін жазған: А. Бексұлтан) түсірілген бейнебаянды әңгімелей отырып, талдау жүргізеді. Берілген бейнебаяндағы ата-әже мен немере арасындағы қарым- қатынас негізінде үлкен кісілерге деген құрмет тақырыбы қозғалады. Оқулықтағы сұрақтар да осы мәселенің аясында қозғалған. 1. «Ата-әже» әніне түсірілген бейнебаянның мазмұны туралы пікірлеріңді ортаға сал. 2. Бейнебаянда қандай құндылықтар көрсетілген? 3. Ата-әжеңе, жақын таныстарыңа ғана құрмет көрсету керек пе? Өз ойыңды білдір. 4. Қалай ойлайсың, бейнебаянның негізгі мәні неде? «Отбасы бәйтерегі» макетінен жапырақтарға жасырылған туыстық атауларға байланысты жұмбақтар шешеді</p>	Оқулық, нота хрестоматиясы, фонохрестоматия